

БЕКІТЕМІН  
«Қ.Күлажанов атындағы КазТБУ» АҚ  
колледжі директоры  
  
Д.Б.Утеев  
2024ж.

**Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша техникалық және  
кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер арасында олимпиада өткізу туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ереже жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша I курс студенттері арасында олимпиаданың (бұдан әрі - Олимпиада) мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, олимпиадаға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

1.2. Мақсаты: студенттер арасында математика, физика, биология, химия, география пәндері бойынша дарынды білім алушыларды анықтау үшін онтайлы жағдайлар жасау.

Олимпиада міндеттері: болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығын дамыту; жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқуға қызығушылығын арттыру; теориялық білім мен дағдыларды тереңдептесу; студенттерді жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер респубикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысуға дайындау; студенттердің оқу жетістіктерін бағалау мониторингі.

1.3. Олимпиада ұйымдастырушылары: колледждің Әдістемелік кабинеті, «Жалпы білім беру» бөлімі

**2 ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТАҮРУ ТӘРТІБІ**

2.1. Өткізу мерзімі: Олимпиаданы екі кезеңде өткізу қарастырылады:

1 кезең – колледжішлік.

2 кезең – қалалық.

2.2. Олимпиада жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткізіледі:  
Математика (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
Физика (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
Биология (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
Химия (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
География (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
Тарих (оқыту тілдері қазақша және орысша)  
Қазақ, орыс және ағылшын тілдері

2.3. Олимпиадаға қатысушылар: I курс студенттері.

2.4. Олимпиаданы өткізу тілдері: қазақ, орыс

2.5. Өту орны: Құлажанов атындағы КазТБУ АҚ колледжі, 3 қабат

### 3. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

3.1. Олимпиадаға колледжішілік кезеңіне I курс студенттері қатысады.

3.2. Олимпиаданың екінші кезеңіне колледжден бір пән бойынша оқыту тіліне қатысты тек 1 студент жіберіледі (қазақша -1, орысша -1). Бір педагог тек 1 студентті ғана ұсына алады.

3.3. Олимпиадаға қатысу үшін қатысушылар өтінімді «Жалпы білім беру» бөліміне тапсырады.

### 4. ОЛИМПИАДА ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ

4.1. Олимпиаданың колледжішілік кезеңінің қатысушыларына тапсырмаларын «Жалпы білім беру» бөлімі әзірлейді.

4.2. Тапсырмалар мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады.

4.3. Олимпиада тапсырмаларын орындау ұзақтығы барлық пәндер үшін (тест) 60 минутты құрайды.

### 5. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Олимпиаданы өткізуге ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің функцияларына: олимпиаданы дайындау және өткізу, сараптама комиссиясының құрамын құру, олимпиаданың қорытынды есебі мен хаттамасын жасау кіреді.

5.2. Олимпиада кезінде қатысушылар тапсырмалардың шарттарын нақтылауға байланысты сұрақтар қоюға мүмкіндік алады. Қатысушының сұрағына тек Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі жауап беруге құқылы.

5.3. Олимпиада тапсырмаларын орындау барысында қатысушыларға ұялы телефондарды, смартфондарды пайдалануға тыйым салынады.

5.4. Қатысушының 5.3-тармақта көрсетілген ережелерді бұзыу оның шеттетілуіне және барлық нәтижелерін жоюға әкеледі.

5.5. Қатысушыны шеттету туралы шешімді Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті мен сараптама комиссиясының мүшелері қабылдауы мүмкін, ол туралы тиісті акт жасалады.

5.6. Олимпиаданың ашылуына тіркелген барлық қатысушылар қатысуы керек.

Басталуы - 09.00 сағ.

5.7. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Сураганов К.К., оку ісі жөніндегі директордың орынбасары
- Айтжанова Ш.Р., колледж әдіскері
- Сейдахметова С.Ж., «Дизайн және технология» бөлімі менеджершісі
- Исанов Н., «Жалпы білім беру» бөлімінің менеджершісі
- Сактапбергенова Ү.Ә. «Бизнес, құқық және ақпараттық технологиялар» бөлімінің менеджершісі

### 6. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

- 6.1. Сараптама комиссиясы қорытындыны Олимпиада өткен күні шығарады.
- 6.2. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері жиналған ұпай саны бойынша анықталады. Ұпай саны бірдей қатысушыларға қосымша сұрактар қойылады.
- 6.3. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қатысушыларға қатысу сертификаттары беріледі.
- 6.4. Олимпиада нәтижелері Әдістемелік орталығының және Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» ШЖҚ МҚК сайттарына жүктеледі.